

**«6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған
 НЕСИПКАЛИЕВ ДАУРЕН ЕРЕНГАЛИЕВИЧТІҢ «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы
 талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы бағыттармен сәйкес келеді. Несипкалиев Даурен Еренгалиевичтің «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасының біршама стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының бағыттарын жүзеге асыру барысында орындалды. Атап айтқанда, «Қазақстан-2050» Стратегиясы; ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты» Заңы; «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала; ҚР Президентінің Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары: 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»; 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»; 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» және т.б. мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамаларға сәйкес негізделген.</p> <p>Автор өздігінен сауалнама және фокус топ әлеуметтанулық зерттеу әдістерін қолдана отырып, диссертациялық жұмысты орындаған.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Ізденуші ұсынылып отырған зерттеу жұмысында жасалған тұжырымдар отандық әлеуметтану ғылымның дамуына өз үлесін қосатынына күмән жоқ. Студент жастардың саяси әлеуметтену процесі соңғы жылдардағы тиімділігінің төмендігімен сипатталды, бұл жаһандық және ұлттық саясаттың тұрақсыздығы мен өзгермелілігімен дәлелденді. Оның үстіне, жастардың көпшілігінің саяси бейқамдығы, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай мен қиындықтар жастардың адекватты реакциясын тудырады. Бұл жағдай әлеуметтік жарылыстардан, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің әлсіреуінен қауіпті. Ал қазіргі цифрлық ұрпақтың саяси әлеуметтенуі Интернетке және жаңа медиа-технологияларға кең қол жеткізумен байланысты өзіндік бірегей сипаттамаларға ие. Қазіргі заманауи шындық жағдайында жастар үкіметтің тұрақтылығы мен өз елінің болашағының орнықтылығына ықпал ету мүмкіндігі зор деп есептеуге болады. Зерттеу жұмыста ірі қала жағдайында студент жастардың саяси әлеуметтенуін салыстырмалы талдауды әлеуметтену агенттері, аймақтық айырмашылықтары, басқару нысандары, гендерлік, ұрпақтық айырмашылықтар арқылы жүзеге асырылған. Осы тұрғыдан алғанда Несипкалиев Даурен Еренғалиевичтің диссертациялық жұмысының маңыздылығы, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы мейлінше толық қамтылған және ұсынылып отырған зерттеу жұмысты ғылыми тұрғыдан құндылығы ғылыми мақалалары мен баяндамаларымен расталады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдарды негіздей отырып, зерттеу тақырыбының өзектілігін, тұжырымдарды жасай алу мен сараптау икемінен көрінеді. Автор диссертациялық жұмысты толығымен өз бетінше орындағанын оның өзіндік жазу стилінен де байқалады. Зерттеу жұмысы Қазақстандағы әлеуметтану және саясаттану ғылымдарының дамуына қосқан жеке үлесі бар деп бағалауға болады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Жастардың құндылық бағдарларының қалыптасуына да, жастардың өмірінің өзгермелі әлеуметтік-мәдени және экономикалық жағдайларына бейімделуіне де жоғары оқу орындарының саяси көзқарастарды қалыптастырудағы қызметі маңызды рөл атқарады. Зерттеу жұмыстың өзектілігі бірнеше мәселелермен айқындалған: біріншіден, Қазақстан студент жастарының саяси әлеуметтенуін түсінуге негіз жасайды; екіншіден, классикалық және заманауи саяси әлеуметтенуді зерттеу бірқатар негізгі мәселелерге бағытталған. Олар: саяси әлеуметтену, негізгі агенттер, жастардың қатысуы мен мінез-құлқы туралы идеялар; келесі Алматы қаласының</p>

	<p>мысалында жүргізілген салыстырмалы талдау негізінде жастарға саяси ықпал етудің негізгі құралдары мен тетіктері анықталып, саяси құндылықтарды қалыптастыру процесі белгіленіп, сонымен қатар агенттердің рөлін және олардың студент жастардың саяси санасына әсері көрсетілді.</p>	
	<p>Несипкалиев Даурен Еренғалиевичтің «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы әлеуметтану және гуманитарлық ғылымдар саласында өзіндік үлесі бар, ғылыми тілде жазылған жұмыс. Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертацияның тақырыбын толық көрсетеді. Бірінші бөлімде саяси әлеуметтенудің қазіргі тұжырымдамасының теориялық аспектілерін, әртүрлі агенттердің орны, рөлі, ықпалы қоғамның әлеуметтік институттарының заманауи өзгерістерімен байланыстылығы талқыланады. Екінші эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері берілген тарауда, автор студенттерді әлеуметтік топ ретінде қарастыра отырып, олардың азаматтық және саяси белсенділігінің ерекшеліктерін, зерделенген тұжырымдарды екі эмпирикалық әдісті қолдана отырып, өзі жүргізген зерттеуде көрсетуге талпыныс жасағанын атап өтуге болады.</p>	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) <u>жартылай айқындайды</u>; 3) <u>айқындамайды</u></p>
	<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты нақты және сауатты тұжырымдалған. Студент жастардың саяси әлеуметтенуін зерттеу және олардың саяси мінез-құлқы мен белсенділігін қалыптастырудағы ұлттық университеттердің рөлін салыстырмалы талдау арқылы анықтауды көрсетеді.</p>	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) <u>жартылай сәйкес келеді</u>; 3) <u>сәйкес келмейді</u></p>
	<p>Диссертацияның құрылымы, бөлімдері мен тараулары бір-бірімен логикалық тұрғыдан байланысқан және диссертацияның біртұтастығын білдіреді. Зерттеудің әрбір келесі бөлімі алдыңғы бөлімдерді толықтырады.</p>	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) <u>жартылай байланысқан</u>; 3) <u>байланыс жоқ</u></p>
	<p>Ізденуші диссертациялық жұмыстың әр бөлімінде сыни талдау жасап, оны өз пікірімен қорытындылаған. Зерттеліп отырған тақырып бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйеніп, сыни талдау жасауға тырысқан. Қарастырылып отырған мәселе бойынша автор ұсынған жаңа шешімдер, зерттеу объектісіне байланысты жоғары ғылыми деңгейде білдіретін ғылыми ұсыныстар мен қорытынды жасалған.</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) <u>талдау жартылай жүргізілген</u>; 3) <u>талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сиптемелеріне негізделген</u></p>

5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>«Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс ірі қала мысалындағы ЖОО студенттерінің саяси әлеуметтену процесіне байланысты бірқатар әлі толық зерттелмеген мәселелерді қарастырады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесідей болып анықталады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Саяси сәйкестілік, саяси қатысу мен белсенділік, құндылық пен көзқарас, саяси партияға көзқарас, мінез-құлық ниеттері туралы түрлі шетелдік теорияларды, тұжырымдамаларды, теориялық-әдістемелік және эмпирикалық зерттеулерді салыстырмалы талдау негізінде саяси әлеуметтену туралы түсінік қоғамның саяси өміріне жастардың әлеуметтік қатысуына алып келетін қазіргі заманғы түсіндірмесі жасалды. 2. Әлеуметтену агенттерін талдау арқылы жылдам технологиялық өзгерістер апарат алу тәсілдерін, отбасылық ықпал ету модельдерінің өзгеріске ұшыратты, аймақтық ерекшелік, гендерлік теңсіздік, діни бағдарлар, өмірлік цикл мен ұрпақ жастардың саяси әлеуметтенуінде маңызды рөл атқаратыны дәлелденді. 3. Қазақстандық жастардың саяси белсенділігі ұлты, діні, нәсілі, білім деңгейі, географиялық орны, жынысы және т.б. сияқты демографиялық факторларға тікелей байланысты емес екені анықталды. 4. Студент жастардың саяси әлеуметтенуі саяси қатысу арқылы азаматтық қатысудан қоғамдық жұмысқа қарай ауысқаны айқындалды. 5. Постматериалистік құндылықтар жоғары оқу орындарда оқитын жастар арасында күшті екендігі анықталды, алайда жоғары білім беру басшылығының саяси міндеттемесі қоғамның саяси дамуындағы оқытудың құндылығын көрсетуде маңызды құрал екені дәлелденді. 6. Жастардың саяси әлеуметтенуіне әсер ететін маңызды фактор болып табылатын құрылымдалмаған және құрылымдалған білім беру жүйелерінің әсері анықталды. 7. Қазақстандық жастардың саяси процеске қатыспауы олардың саяси құрылымға деген қызығушылығы мен сенімінің жоқтығынан екендігі айқындалды. <p>Сондықтан да әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындыларды жаңалық деп санаймыз.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа болып табылады. Себебі, теориялық және қолданбалы зерттеулер келтірілген, оның негізінде зерттеу қорытындылары жасалды. Әдеби шолу негізінде саяси әлеуметтену индивид пен саяси жүйе арасындағы маңызды буын екені тұжырымдалды. Авторлық эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, жетекші ұлттық университеттері студенттерінің саяси бағдары мен</p>

		<p>көзқарастарын, саяси бірегейлігі мен қайталама саяси әлеуметтену бақылаушысы ретіндегі ЖОО-ның ролі зерделенді.</p>
<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ғылыми тұрғыдан сарапталған және ғылыми негізге сүйенген тәжірибелік ұсыныстар жасалған, сондықтан ғылыми зерттеу еңбегінің нәтижелерін жастар саясатында, мемлекетті басқару саясатында, жоғары білім беру саясатында қолдануға болады.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>		<p>Зерттеу мақсатына және міндеттеріне сай жүргізілген бұл ауқымды зерттеу жұмыста жасалған қорытындылар тың, ғылыми зерттеу принциптеріне сай жүргізілген, шетелдік беделді гуманитарлық бағыттағы зерттеу нәтижелерімен салыстыра отырып алынған нәтижелер ауқымды дәлелдемелерде негізделген және ғылымға өзінің елеулі үлесін қоса алады.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағида</p>	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағида дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Докторантпен қорғауға ұсынылған алты тұжырымдар ғылыми негізделіп, дәйектелген. 1. Саяси әлеуметтену зерттеулерінің тарихи дамуын зерттеп, теориялық-әдістемелік талдау негізінде саяси әлеуметтену туралы қоғамның саяси өміріне жастардың әлеуметтік қатысуына алып келетін қазіргі заманғы түсіндірмесі тұжырымдалды. 2. Жастардың әлеуметтенуінде басқа да күшті фактілер: олар жана медиа, әлеуметтік желілер, гендер, аймақ, діни бағдарлар, өмірлік цикл мен ұрпақ маңызды рөлге ие екені айқындалды. 3. Жастардың саяси әлеуметтенуінің ерекшелігі интернет технологиялармен тікелей байланысты жаңа медиа және әлеуметтік желілерді шексіз тұтыну екендігінен болатыны дәлелденді. 4. Студенттер қатысудың дәстүрлі емес түрлері әлеуметтік өзгерістерді ілгерілетуде тиімдірек деп санайды және дауыс беруді қоғамды өзгертудің ең жақсы тәсілі ретінде қарастырмайтыны анықталды. Жастар қоғамдық мүдделерді жеке немесе партиялық мүдделерден жоғары қоятын идеалистік саясатты қалайтындары және серпінді саясатқа сенетіндері дәйектелді. 5. Жастар белсенділігін салыстырмалы талдаудың нәтижелері бойынша әсер етудің үш тобы ажыратылды: микро, мезо және макро деңгейлердің әсерлері дәлелденді. 6. ЖОО-да білім беру басшылығының саяси міндеттемесі жастардың саяси әлеуметтенуінде маңызды екенін және Қазақстандық ЖОО-да</p>

			<p>студенттердің әрқайсысының тәжірибесі мен даралығының алуан түрлілігін камтитын саяси әлеуметтену мен бірегейлікті дамыту процесі когнитивтік сипатта екені айғақталды.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ізденушінің қол жеткізген қорытындыларының жаңалық дәрежесі – жаңа.</p> <p>7.4 Зерттеу жұмысының қағидағтарын қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 7 мақала жарияланды. Солардың ішінде: 1 мақала Scopus базасына кіретін журналда, 1 мақала халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда және 5 ғылыми мақалалар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің тізіміндегі журналдарда жарияланып, дәлелденген.</p> <p>Әдістеменің таңдауы негізделген. Ізденуші зерттеу жұмыста сипаттамалық болып табылатын және аралас әдіс дизайнын қолданды. Салыстырмалы талдау, дерек көздерді талдау, сауалнама және фокус топ зерттеу әдістерін пайдалану арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізген. Таңдалған зерттеу әдістемесе ғылыми тұрғыдан нақты, негізделген алынған деректер шынайы және сенімді.</p> <p>Мәліметтер базасын өңдеу кезінде IBM SPSS Statistics 26 бағдарламасын қолданған. Бұл диссертантқа үлкен көлемді математикалық деректерді талдауды жүргізуге мүмкіндік берді.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эмпирикалық зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер сенімді ғылыми еңбектерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған. Қолданған әдебиеттер жұмысты теориялық-тұжырымдауға толық мүмкіндік берді.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттелетін мәселе бойынша әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертацияда ізденуші зерттеу тақырыбына қатысты 245 ғылыми жарияланымдар мен түрлі дереккөздерді пайдаланған.</p> <p>Ұсынылып отырған зерттеу жұмысындағы қарастырылған теориялар мен үлгілер, тұжырымдамалар тақырыпқа сай және әрі қарай зерттелетін жұмыстарға негіз бола алады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Батыс елдерінде бар саяси әлеуметтенудің жаңа моделінің ерекшеліктерін талдау жастарға қатысты мемлекеттік саясаты түзетуге көмектеседі. Зерттеу арқылы алынған нәтижелерді ЖОО студенттердің қоғамды ілгерілетудегі рөлін ескере отырып, университеттердегі саяси білім беру туралы ұсыныстарды ала алады.</p> <p>Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Білім беру, яғни жоғары білім берумен айналысатын ұйымдар студенттердің қоғамды ілгерілетудегі рөлін ескере отырып, университеттердегі саяси білім беру туралы ұсыныстар ала алады. Сонымен қатар, осы диссертацияда алынған нәтижелер мен тәжірибеге арналған ұсыныстарды жастар саясатында, мемлекетті басқару саясатында бірқатар мәселелерді шешуде қолдануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми терминдерді қолдану академиялық жазудың күрделілігін көрсетеді. Жұмысты орындау барысында ізденушінің жазу стилі мен тілі талаптарға сәйкес келеді. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарды орындау талаптарына сай.</p>

Ескерту немесе кемшіліктер:

1. Жұмыстың теориялық-методологиялық бөлімінде автор басымырақ шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйенеді. Саяси әлеуметтену мәселелері бойынша отандық ғалымдардың да еңбектерін кешенді пайдалануға болар еді.
 2. Автор саяси әлеуметтену жынысқа байланысты өзгеруі де мүмкін екенін қарастырса да, гендерлік рөлдер мен стереотиптер жастардың саяси сенімдеріне қалай әсер ететінін ашпаған.
- Алайда, аталған бұл ескертпелер зерттеу жұмысының практикалық құндылығын төмендетпейді, ғылыми нәтижелерін жоққа шығармайды. Автор алдына қойған мақсат пен міндеттерге қол жеткізген.

Шешімі: Несипкалиев Даурен Еренгалиевичтің «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбында жазылған диссертациясы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындауы жағынан ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сай, «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға толығымен сәйкес келетін, академиялық жазу сапасы жоғары және аяқталған жұмыс деп есептеймін. Сол себепті Несипкалиев Даурен Еренгалиевич «6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

Ресми рецензент:

«Әлеуметтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD),
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доцент м.а.



А.Б. Сарсенова

КОЛТАҢБАСЫН
РАСТАЙМЫН
КОПИЯ ЗАВЕРЯЮ